

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының прокуратура органдарында әскери қызмет өткеру мәселелері бойынша кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 27 маусымда № 18910 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының прокуратура органдарында әскери қызмет өткеру мәселелері бойынша кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, ведомстволарына және мекемелеріне келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін азаматтар ішінен кандидаттарды іріктеу жөніндегі кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 57 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11236 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 маусымда жарияланған):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы Заңының 37 бабының 6) тармақшасын, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 38, 40 баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережелерінің 22, 27 тармақтарын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:"**;

2) күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 29.08.2025 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді– ҚР Бас Прокурорының 29.08.2025 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бас әскери прокуратура Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықпен әскери прокуратура органдарының жеке құрамы таныстырылсын

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Бас әскери прокурорға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры*

Ғ. Нұрдәулетов